

"Депонент" АЖО - "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ның (бұдан әрі - Орталық депозитарий) депонентке депозитарлық қызмет көрсету барысында онымен өзара іс-әрекет жасауға арналған депоненттің қашықтан басқарылатын автоматтандырылған жұмыс орны

"Депонент" АЖО функциялары:

- ұйымдастырылмаған нарықта қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді тіркеуге бұйрықты жасау және оны беру, бұйрықтың орындалғаны туралы есептерді алу;
- Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына қаржы құралдарын салуға бұйрықтарды жасау/ Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығару және бұйрықтың орындалғаны туралы есептерді алу;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын бастапқы нарықтағы қаржы құралдарын алуға бұйрықты жасау және бұйрықтардың орындалғаны туралы есептерді алу;
- қосалқы шоттарды ашуға/деректемелерді өзгертуге/жабуға бұйрықтарды жасау және бұйрықтардың орындалғаны туралы есептерді алу;
- ұйымдастырылған нарықта жасалған қаржы құралдарымен жасалып, тіркелген мәмілелер туралы ақпаратты алу;
- жеке шоттан (қосалқы шоттан) үзінді көшірмені алуға және жеке шоттан (қосалқы шоттан) үзінді көшірмені алуға бұйрықтарды жасау;
- жеке шот (қосалқы шот) бойынша тіркелген операциялар туралы есептерді алуға және жеке шот (қосалқы шот) бойынша тіркелген операциялар туралы есептерді алуға бұйрықтарды жасау;
- ай сайынғы есептік құжаттарды (айдың бірінші күніндегі жеке шоттан үзінді көшірмені және жеке шот (қосалқы шот) бойынша соңғы айда тіркелген операциялар туралы есепті) алу;
- жеке шоттан күн сайынғы үзінді көшірмелерді алу;
- депоненттердің, қаржы құралдарының және қосалқы шоттардың анықтамалықтарын алу;
- Орталық депозитариймен электронды хаттармен алмасу;
- кіріс және шығыс құжаттардың мұрағатын жүргізу;

Орталық депозитариймен депоненттің өзара іс-әрекеті электрондық құжат айналымы арқылы жүргізіледі. Орталық депозитарийдегі электрондық құжат айналым «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есептеулерінің қазақстандық орталығы» РМК ұсынатын ФАСТИ-2 ақпаратты тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі арқылы жүзеге асырылады. ФАСТИ-2 туралы толық ақпарат «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есептеулерінің қазақстандық орталығы» РМК-нің <http://www.kisc.kz/fasti2/index.html> сайтында орналастырылды.

Электрондық құжат алмасу "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 07 қаңтардағы № 370-ІІ Заңымен жүзеге асырылады.

"Депонент" АЖО пайдалану үшін депонентке мыналар қажет:

- ФАСТИ-2 қосылу. ФАСТИ-2 қосылу ресімі туралы толық ақпарат мына адресте [http:// www.kisc.kz/fasti2/migration. html](http://www.kisc.kz/fasti2/migration.html) орналастырылды;
- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және ілеспе қызмет көрсету құқығын беру үшін "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен шарт жасасуға өтінішті беру. "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және оған ілеспе қызмет көрсету құқығына шарт жасасуға өтініш мына адреске: [http://www.kacd/kz/ru/mormative base/other internal documents/actual](http://www.kacd/kz/ru/mormative_base/other_internal_documents/actual) орналастырылды.
- "Депонент" АЖО орнату.
- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану және оған ілеспе қызмет көрсету құқығын беру үшін шартты "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен жасасуға өтінішті толтыру мәселелері бойынша Орталық депозитарийдің Заң бөліміне мына 266-95-15 телефоны, ішкі нөмір 128, 106 немесе urist@csd.ks электрондық почтасына хабарласуыңызға болады.

"Депонент" АЖО бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату мәселелері бойынша Орталық депозитарийдің Ақпараттық жүйелерді әзірлеу бөліміне мына 266-95-14 телефоны, ішкі нөмір 151, 105 немесе support@csd.ks электрондық почтасына хабарласуыңызға болады.